

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның
" Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және
басқару" атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші
м.ғ.д., профессор Попова Татьяна Владимировнаның**

ПІКІРІ

Қазіргі кезде заманауи денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерінің бірі - инсультқа медициналық көмек көрсету. 2004 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемдік тұрғындардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жаһандық эпидемияны инсульт деп жариялады.

Инсульт жаһандық проблема болып табылады және бүкіл әлемде сырқаттанушылық, өлім және мүгедектік құрылымында жетекші орын алады (Lindsay M.P., 2016) . 2006 жылы ауруға қарсы жаһандық күресте жедел және белсенді шаралар жұртшылықты тарту мақсатында, Дүниежүзілік инсультқа қарсы күрес ұйымы (World Stroke Organization, WSO) 29 қазан Дүниежүзілік инсультқа қарсы күрес күні деп жарияланды.

Церебральды инсульттің медициналық, әлеуметтік, экономикалық маңызы медициналық-әлеуметтік, стационарлық көмек шығыстарының қарқынды өсуіне себеп болып отыр. Экономикалық дамыған мемлекеттерде (Ұлыбритания, АҚШ, Шотландия және басқалар) церебральды инсульт кезінде медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтауға жұмсалатын барлық шығыстардың 3-тен 6% - ға дейін келеді.

Бүкіл әлем бойынша инсульттың таралуы жыл сайын экономикалық дамыған және дамушы елдерде де өсіп келеді және American Heart Association-дан "Heart Disease and Stroke Statistics-2016 Update" деректері бойынша 33 млн. адамды құрады, оның 16,9 млн. бұл алғаш рет анықталған инсульт жағдайлары, оның ішінде 65 жасқа дейінгі 5,2 млн. жасы 65 жасқа толмаған адамдар.

Өкінішке орай, Қазақстан да осы көрсеткіштер бойынша ерекшелік болып табылмайды.. Церебральды инсульт Қазақстан Республикасында мүгедектіктің негізгі себебі болып табылады және миокард инфарктісіне және жаңа ұшыраған қатерлі ісіктерге, таралуы тұрғысынан үшінші орын алады. Қазақстан Республикасында МҚАЖБ-мен жұмыс істеу мәселесі әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. 2016-2019 жылдарға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басты

басымдығы Қазақстан Республикасы халқының демографиясына елеулі әсер ететін негізгі әлеуметтік маңызы бар, инфекциялық емес аурулар мен жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін енгізу, оның ішінде ми қан айналымының жіті бұзылуында (инсульт).

Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың пікірінше, статистиканың ресми деректері репрезентативті популяциялық эпидемиологиялық зерттеулердің болмауы салдарынан Қазақстанда осы патологияның пайда болу қауіп факторларын қоса алғанда, церебральды инсульт проблемасының жағдайын толық көлемде көрсетпейді, бұл К.К. Конысбаеваның диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін алдын ала анықтайды.

К.К. Конысбаеваның диссертациясы аяқталған дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады, оның мақсаты ишемиялық инсульттің таралуын зерттеу және оларды басқару бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу және енгізу үшін қауіп факторларының мониторингі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың авторы Қазақстан Республикасындағы инсульт қызметінің ұйымдастырылуын, жай-күйін және нормативтік-құқықтық базасын талдады, ишемиялық инсультті бастан өткерген пациенттердің функционалдық мәртебесімен қауіп факторларының өзара байланысын зерттеді, ишемиялық инсультті бастан өткерген науқастарды тиімсіз оңалту предикторларын анықтады, ишемиялық инсульт болған науқастардың қайтыс болу жағдайларына клиникалық-патологоанатомиялық талдау жүргізді, ишемиялық инсульттің даму қауіп факторларын басқару бойынша практикалық ұсыныстарды әзірледі және енгізді.

К.К. Конысбаеваның диссертациялық зерттеуінде алынған ғылыми нәтижелері жаңалықтың айқын дәрежесі және практикалық маңызы бар.

Кең көлемді материалды білікті талдау жүргізілген зерттеудің ғылыми нәтижелерінің жоғары дәйектілігін қамтамасыз етті және диссертанттың өзіне және өз еңбектеріне деген талап-талғамы мен жоғары екендігін куәландырады.

К.К. Конысбаеваның жүргізген зерттеуі автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті дәрежеде меңгергендігін, терең ғылыми ізденістерді жүргізуге дайындықтың жоғары деңгейіне ие екендігін, Қоғамдық денсаулық сақтау саласында кең ауқымды эрудицияға ие екендігін дәлелдейді.

Диссертация құрылымдалған, қисынды және дәйекті түрде жазылған. Жұмыста жеке талдау мен дәйек келтірілетін материал бойынша пікірлер арасындағы теңгерім сақталған.

Зерттеу нәтижелері мен негізгі ережелер ғылыми жарияланымдарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда,

Scopus компаниясының дерекқорына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдарда, сондай-ақ ағылшын тіліндегі мақалаларды және авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қоса алғанда, халықаралық конференциялар материалдарында толық және уақтылы жазылған, бұл докторанттың жоғары ғылыми әлеуетінің куәсі.

Докторант К. К. Конысбаева қалыптасқан ғылыми қызметкер болып табылады, ол орындаған өзекті тақырыптағы диссертация аяқталған сипатқа ие.

Жалпы К.К. Конысбаеваның «Ишемиялық инсульттің қауіп факторларын мониторингтеу және басқару» атты диссертациясы маңызды, жүйелі, түбегейлі зерттелген ғылыми еңбек.

Қорытындылай келе, Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның диссертациялық зерттеуі ҚР Білім және ғылым министрлігінің докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарына жауап беретін аяқталған ғылыми еңбегі болып табылады.

Докторант Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға сөзсіз лайық.

Ғылыми кеңесші:

**«ҚДСЖМ» Қазақстандық
медицина университеті,
«Қоғамдық денсаулық сақтау
және әлеуметтік ғылымдар»
кафедрасының профессоры,
медицина ғылымының докторы**



Т.В. Попова

Растаймын:

**«ҚДСЖМ» Қазақстандық
медицина университеті,
Құжаттамалық қамтамасыз ету және
жұмыскерлермен жұмыс жүргізу
басқармасының басшысы**

Д.С. Мынбаева